



# ҚАРАЖАН

12+

Тарихи-танымдық, әлеум-экономикалық журнал  
№4 (117-118) шығарыс - тамыз 2023 жылы

*Бақтықожа Едіржаппетов*



**75 жас**



# ҚАРАХАН

Тарихи-танымдық,  
өдеби-көпшілік 2 айда 1 рет  
шығатын журнал  
ШІЛДЕ - ТАМЫЗ 2023 жыл  
№4 (№№117--118)

Журнал ҚР Ақпарат және коммуникация  
Министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және  
бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы  
мемлекеттік бақылау комитетінде 21.09.2018  
жылы қайта тіркеліп, №17281-Ж есепке  
алу туралы куәлігі берілген.

Меншік иесі - ЖК «Досымбеков С.Д.»

**ҚР Жоғарғы Соты, Ардагерлер  
Ұйымы Орталық Кеңесі,  
Жамбыл Облыстық Ардагерлер  
Кеңесі және Жамбыл Облысы  
Әкімдігінің мәдениет, архивтер  
және құжаттама басқармасының  
қолдауымен шығарылады.**

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**АСАНӘЛІ ӘШІМОВ** — Қазақстанның Еңбек  
Ері, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі,  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

**ИЛҰЯ ЖАҚАНОВ** — Қазақстанның Еңбек Ері,  
Қазақстан мен Қыр-ғызстанның Еңбек сіңірген  
қайраткері, халықаралық сыйлықтардың иегері,  
Профессор, жазушы, композитор, музыка  
зерттеуші, суретші.

**ӨМІРЗАҚ ОЗҒАНБАЕВ** - ҚР «Ардагерлер  
ұйымы» РҚБ орталық кеңесі төрағасының бірінші  
орынбасары, тарих ғылымдарының докторы,  
профессор, академик.

**БЕКЕТ ТҰРҒАРАЕВ**- «Жеті Жарғы және  
Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық  
қайырымдылық қорының төрағасы, ҚР еңбек  
сіңірген қайраткері - заңгері, заң ғылымдарының  
докторы, профессор, меценат. БАС КЕҢЕСШІ.

**ЕРКІМБЕК СОЛТЫБАЕВ** - Жамбыл облыстық  
ардагерлер ұйымының төрағасы.

**ОҢЛАСЫН ЕСІРКЕПОВ** — Облыстық билер  
кеңесінің төрағасы.

**УАЛИХАН ҚАЛИЖАНОВ** - филология ғылым-  
дарының докторы, ҚР ҰҒА академик.

**СЕРІК НЕГИМОВ** - ф.ғ.д. профессор, ҚР  
қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия  
ұлттық университетінің профессоры.

**МӘМБЕТ ҚОЙГЕЛДИЕВ** - тарих ғылымдарының  
докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі.

**САҒЫНДЫҚ ОРДАБЕКОВ** — Медицина ғылым-  
дарының докторы, профессор, журналист.

**СӘМЕН ҚҰЛБАРАҚ** — филология ғылым-  
дарының докторы, профессор, Тараз мем-  
лекеттік Университетінің «Дулатитану» ҒЗО ди-  
ректоры.

Біз өздеріңізбен Жаңа Қазақстанды  
құруға кірістік.  
**Қ.ТОҚАЕВ**

## МАЗМҰНЫ

|                                                                 |    |
|-----------------------------------------------------------------|----|
| А.Мақашев Ардагерлердің аялы алақаны .....                      | 4  |
| С.Досымбеков Дарабөз тұлға .....                                | 8  |
| Ө.Озғанбаев Гибратты ғұмыр.....                                 | 18 |
| М.Өтешов Шын достықтың тереңдігіне өлшем жоқ.....               | 21 |
| Е.Солтыбаев Өрелі ойлы көшбасшы.....                            | 25 |
| Б.Оспанов Даладай дархан, тұран тұлға .....                     | 29 |
| Н.Тлегенов Гибраат .....                                        | 34 |
| Д.Тауасарова Пішімінде бәрі бар құмыралар.....                  | 37 |
| А.Мырзабекова Оңтүстік өңірлердегі ортағасырлық<br>қалалар..... | 40 |
| Г.Қамбар Қарахан дәуіріндегі Тараз.....                         | 41 |
| Ұ.Шаизхан Ұлттық құндылық: Зергерлік өнер.....                  | 46 |
| Т.Маманов Арман ағысында.....                                   | 50 |
| А.Тлемісов «Ақаң» десе - Ақаң еді.....                          | 52 |
| Н.Қапалбеков Азаттық үшін алысқан ер.....                       | 54 |
| О.Есіркепов 80 жас құттықтау.....                               | 62 |

**Құрметті оқырман достар, «Қарахан» журналына  
жазылуға асығыңыздар! Журналға «Қазпочтаның»  
барлық бөлімдерінде жазылуға болады. Журналдың  
индексі мұқабаның сыртында көрсетілген. Бір  
жылға қалаларға 2023 жылы бағасы 8000 теңге  
жарты жылға 4000 теңге Өкілбеісі!**

**Редакция авторлардың пікіріне жауап бермейді!**

*Редакция ұжымы:*

**Директор, Бас редакторы –  
САТЫБАЛДЫ ДОСЫМБЕКОВ.**

Редакторы – О. ЕСІРКЕПОВ, А.ШӘЙДІЛДАЕВ,  
Н.ҚОЖАМАРОВА, С.АШАНОВ, Т.ЖҰМАБЕК, А.МАХАШЕВ

*Компьютерде беттеуші:*

Абзал ОҢАЛБАЙ

*Редакцияның мекен-жайы:*

080000 Тараз қаласы, Төле би көшесі,

№63 Ардагерлер үйі

Электронды пошта: Karahantaraz@mail.ru

Ұялы телефон: 8 777 382 39 19

ТОО «Формат-Принт» баспаханасында

басылып шығарылды. төл.: 8 (7262) 42-52-09

Мекен-жайы: Тараз қаласы, Телеорталық 8/33

Таралымы: 1000 дана Тапсырыс: 700 дана

## «Ұлттық құндылық»: Зергерлік өнер

**«Ежелгі Тараз ескерткіштері»  
мемлекеттік тарихи-мәдени музей-  
қорығының ғылыми қызметкері  
Шаизхан Ұлжалғас Шаизханқызы**

Қазақтың халықтық зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Археология мен топонимиканың деректеріне қарағанда, Қазақстан территориясында мыс, қалайы, алтын, тағы басқа асыл және түсті металдарға бай кен орындарын игеру ісінің ежелгі замандарда-ақ қолға алынғандығын айғақтайды. Қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдардағы қолтаңбалар ежелгі өнердің көркемдік деңгейінің биік болғанын байқатады. Қола дәуірі кезеңіндегі зергерлік бұйымдар формасының монументтілігімен, көркемдік әсерлілігімен ерекшеленсе, ал Есік обасынан, Шілікті, Бесшатыр қорғандарынан табылған скифтерге тән аңдарды бейнелеу стиліндегі алтын бұйымдар, «Қарғалы қазынасына жататын үйсіндердің полихромды алтын әшекейлері, Бурабай көлі төңірегіндегі обадан табылған ғұндар кезеңіне саятын алтын әлеміштер, «Ежелгі Тараз» қалашығынан табылған сонау мың жыл бұрынғы көздің жауын алатын алтын, күмістен жасалған түрлі білезіктер, сырғалар, асыл тастармен көмкерілген және одан кейінгі замандардағы кеніштерден ашылған басқа да көркем бұйымдар зергерлік өнерінің шын мәніндегі қайталанбас асыл мұралары болып табылады.

Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Үй кәсібіне негізделген ұлттық колөнердің басқа түрлеріне қарағанда, зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік мінездемесі бар. Қазақ зергерлері (зер-зар парсы тілінде алтын ұғымын білдіреді) көбіне жеке-дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр-сырын ұрпақтан-ұрпаққа үйретіп отырған. Олар алдын ала арнайы дайындықтан өтетін, белгілі бір құрал-саймандарды ғана қолданатын. Зергерлердің соғатын заттарының түрлері өте көп болған.

Оған әйелдердің әшекейлері, киім-кешекке тағатын түрлі сәндік бұйымдары, ас-су жабдықтары, киіз үйдің ағаш сүйегіндегі ою-өрнек, жиһаздық заттар, ағаш ыдыс-аяқ, тері торсық, музыкалық аспаптар, қару-жарақтар, ат-тұрман әбзелдері және тағы басқалар жатады. Бұларды әсемдеу үшін көбіне алтынды, күмісті молырақ қолданған. Зергерлер металдың өнін ашу шеберлігін жете білген. Соғу арқылы белгілі бір қалыпта түсірілгенде күмістің өңі күнгірттеніп кететіндіктен, оның үстіңгі бетін қайтадан бипазбен типылдау арқылы жылтыратып, майда нақыштармен шекімелеу тәсілімен өрнектеп барып тартымды, құлпырмалы түске келтіретін болған. Зергерлер күміс бұйымдарды асыл тастардан (лағыл, сапфир, зүбіржат, гауһар, ақық) және агат, хризопраз, інжу, маржан, жақұттан көз қондыру арқылы да әсемдей түскен. Түрлі түсті шыныларды және тағы басқа әсем рең беретін заттарды да кәдеге асырған.

Зергерлердің көп жасаған бұйымдарының қатарына әйелдерге арналған әшекей-бұйымдары жатады. Әшекейлердің бұл түрі тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным-сенімге де тікелей қатысты болғандықтан кез келген әлеуметтік ортаның өкілі өз хал-қадірінше әр түрлі әшекейлер иемденуге, тағуға тырысқан. Әшекейлерді қасиетті тұмар ретінде ұстаудың алғашқы белгілері палеолит дәуіріне саяды. Аңдардың сүйегінен, азу және сойдақ тістерінен, ұлу тұқымдастарының қауыршақтарынан алқа, білезік, жүзік т. б. жасау сол кездерден етек алған. Тұмар тағушылар осы киелі зат өзіме күш қуат береді, пәле-жаладан, көз-сұқтан, төтенше қауіптен сақтап қалады деп түсінген. Бізге келіп жеткен дәстүрлі әр түрлі тұмарлар сондықтан да бір қырынан алғанда адамзаттың бір кездегі наным-сенімінің пластикалық тілде баяндалуы болып табылады. Қазақәшекейлерінің семантикалық мән-мағынасына толық тарқатсақ, онда этнографиялық бұйымдардың әр қилы қасиеттілік астарларының тұтас жүйесін еркін тарқата алуымыз керек. Зергерлік әшекейлердің тұтас тұрқы да, тұрпаты да, жекелеген бөлшектері де, материалы мен ою-

өрнегі де белгілі бір мән-мағынаны білдіреді. Мысалы, материалдың тастың, күмістің, яғни табиғи заттың өзі де күрделі-құрамды міндет атқарған. Әшекейлеуге қондырылған асыл тастарды халық әдетте тас немесе көз деп атайды. Бұл, әрине, ешбір астарсыз, тура мағынасында атала салмағаны хақ. Көз қондырылған бұйымның көз тиюден алдын ала сақтайтын киелілік қасиеті бар деген ұғым үстем болған. Асыл тастардың айрықша қасиеттілігі туралы ұғым Шығыс халықтарының бәріне кең тараған. Асыл тастардың емдік және киелілік қасиеттерінің сөз ететін ежелгі және орта ғасырдағы минерологиялық трактаттар біздің заманымызға дейін келіп жеткен. Бұған дәлел келтіретін болсақ, бұдан мың жыл бұрын «Дәрі-дәрмек қазынасында «ақық тас». . . жүректің толқуын басып, дұшпаныңа сұсты болуыңа игі әсерін тигізеді. . . Егер жаныңда ақық барда жаңа туған айды көрсең, келесі айда бақытқа, сәттілікке кенелетіндігіңнің белгісі», –деп айқын анықтама берген. Асыл тастың қасиетіне сенушілік қазақ халқының тұрмыс дәстүрінде әлі де болса сақталып келеді. Былайша айтқанда інжу көз қарашығын шел басудан, көз сүйелінен, ноғалдан, ал маржан дуаның әсерінен немесе азғындатушылыққа ұрынудан сақтайды, сарғылт дүр тамақ ұрасы мен жемсау ісігін басады, құлпырма тас көз тиюден қорғап әрі дұрыс жолға бастайды, ақық мол бақыт әкеледі деген пікірлер кезігеді. Сердоликті әшекейдің сәндігі ғана емес, оны тақса көз сұқта да сақтайды деп түсіген.

Қазақ халқы ежелден күмістің адамға игі әсер ететін айрықша қасиеті бар деп білген. Күміс жүзік тағумен ғана шектелмей, нәрестені шомылдырғанда суға күміс теңге тастап: «Баланың күні күмістей жарық болсын», – деп жоралғы жасаған.

Көз сұқтан сақтану үшін арнайы жасалатын тұмарлардан басқа әшекейлердің киелілік қасиеті онша емес, алайда олардың да тартымды әрі сәнді жасалуына баса көңіл бөлінген. Кәдімгі сырғаның өзінің де әуел баста кісіге медеу беретін киелілігі бар деп қабылданып, ежелгі замандардан бері қарай оны қыздарға бала жастан тағатын болған.

Сақина мен жүзіктің де киелілігі мен қасиеттілігіне сену тұрпы Шығыста кең

тараған түсінік. Әдетте, бұл халықтар әйелдің қолында міндетті түрде не жүзігі, не сақинасы болуы керек деп санап, ол болмаған жағдайда оның дайындаған тағамын арам деп білген. Қазақ арасында да, «Тамақ адал болу үшін, қолда жүзік болу керек» деген мәтел сақталған. Әйелдердің жасы ұлғайған сайын әшекейдің түр-сипаты да өте қарапайымданады. Тіпті, келе-келе кілт немесе теңгемен алмастырыла салатын шолпы да, әйелдердің үнемі тағып жүретін әшекейі саналады. Халық арасында: «Адам жанының бір ұшығы шаш арасын мекендейді» деген наным сақталып келгендіктен қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шашқа бәле-жаланы маңайлатпайды деп ырымдап таққан.

Әшекейлердің кейбір жекелеген бөлшектерінің де белгілі бір мән-мағынасы болған. Мәселен, жылан үлгісіндегі бас пішінін тұрпаттайтын металдан дәнекерленіп жасалған жылан бас та жебеуші, ықпал етуші ретінде саналған. Әшекейлердің көп тараған түрлерінің біріне әдеттегіше бір-бірімен шашақтала дәнекерленген сымдар арқылы көлбей жалғасқан қоңырау, конус пішіндес қозалардан тұратын, құлаққа сыңғырлаған қоңырау үнін әкелетін салпыншақтар жатады. Шығыс пен Орта Азияның басқа халықтары секілді қазақтар да үзбелі салпыншақтар сылдырмен жын-шайтанды үркітіп отырады деп түсінген.

Әшекейлер арқылы тұтынған кісіге жақсы ырым мен сәттілік тілеудің кейбір түрлері бұйымның нұсқасы мен өрнегі арқылы да меңзелген. Ұрпақтың көбеюі, өсі идеясы түтікше мен үшбұрышты бөлшектен құралатын бой тұмарда да бар. Көбею, өсу символын білдіретін бұйымдардың қатарына балық бейнеленген сәнді тоғалар мен қапсырмалар да жатады. Міне, ежелден қазақ халқы зергерлік өнерінің қыр-сырын сонау замандардан білгені туралы қысқаша тарихына үңілдік. Ендігі кезекте өркениет пен мәдениеттің өзіндік үлгісін жасаған Қазақстанның ең ежелгі қаласы Тараз қаласынан табылған сонау мың жыл бұрынғы көздің жауын алатын алтын, күмістен жасалған түрлі білезіктер, сырғалар, асыл тастармен көмкерілген жүзіктерден құралған зергерлік бұйымдарға тоқтала өтсек. Тараз



көрінісі болып табылады. Табылған жәдігерлерге қарасақ ежелгі тұрғындардың даму деңгейін, мәдениетін, тұрмысын, эстетикасын көрсетеді. Ерекше үлгіде жасалған жәдігерлерді қазіргі таңда музей-қорық қызметкерлері күтіп-ұстау мен қатар оны келешек ұрпаққа насихаттау жұмысын назардан тыс қалдырған емес. Тараз қалашығынан табылған бұндай құнды да

бірегей жәдігерлер тек Тараздың мәдениетін ғана емес, сонау ғасырлар шеңберінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін, дүние-танымын, өмір сүру салтын көрсетеді. Осындай тарихымыздың толықтырылуына ықпалын тигізген жәдігерлерді сақтау мен насихаттау біздің басты парызымыз.

## Сарысу ауданына -95 жыл

*Архив беттерінен*

### АРМАН АҒЫСЫНДА

Қордаш Түсіпұлы 1906 жылы Ақмола уезінің Қосағалы болысында туған. Әкесі Түсіп атақты Қазанғап байдың шөбересі. Қордаш 5 жасынан үш жылдай ескіше сауат ашқан. 1917 жылы Ақмоладағы бастауыш орыс – қазақ мектебін бітірген. Төңкеріс болып, аласапыран болғандықтан Ақмоладан ауылға келіп, 1921 – 1923 жылдары Қосағалы болыстық ревкомының хатшысы болып жұмыс істейді. 1923 жылы болыстық ревкомның жолдамасымен Орынбордағы екі жылдық ауылшаруашылық техникумына түсіп, бітіріп шығады. 1925 жылы елге оралып, ел ісіне араласады. Өлкелік Комсомол комитетінің тапсырмасын орындап, Жаңаарқа маңында түрлі жұмыстар істейді. Жаңаарқа ауданының құрылысына ат салысады. 1927 – 1928 жылдары жылы Өлкелік партия комитеті жанындағы Комвужда оқиды. 1928 жылы Сарысу ауданы құрылған кезде, Өлкелік партия комитетінің жолдамасымен 1928 жылы желтоқсан айының басында ол Сарысу аудандық оқу – ағарту бөлімінің бастығы болып тағайындалады. Ірі байларды тәркілеу ісі жүргізіліп, ел іші өте тынымсыз болғандықтан, жұмыс істеу өте қиынға соғады. Қордаш ең алдымен Қызыл отаулар ұйымдастыру ісін қолға алады. Қызыл отау жұмысын күшейтіп, онда жұмыс жүргізу үшін әрі сауатты, әрі елге сөзі өтімді адамдарды тандап алады. Аудан

көлемінде төрт Қызыл отау ашылады. Ол кезде мәдениет пен оқу бір қолда болатын. Қызыл отаулар арқылы халықтың сауатын ашу, ойын-сауық ұйымдастыру, әйелдердің бас бостандығы, жәбір-жапа шеккендерге жәрдем беру тәрізді толып жатқан істер атқарылатын болғандықтан, қызыл отаулар жанында сот, милициялар болған. Көшпелі сот мәжілісін ашып, көптеген істер қаралып, шешімін тапқан. Қызыл отаулар жанынан сауат ашу мектептері ұйымдастырылып, оларға жасөспірім ұлдар мен қыздар және сауаты жоқ үлкендер де қарастырылған. Оқушыларды оқытатын мектеп деген аты болса да, заты жоқ, байлардан тәркіленген киіз үйлер пайдаланылған. Оқушылар жерге төселген киіз үстінде отырып сабақ оқитын. Оқулық деген атымен жоқ, тіпті дәптер, қарандаштың өзі қат болатын. Бір оқушыға 2-3 парақ қағаз бен бір қарындаш үшке бөлініп беріледі екен. Оқушыларды ынталандыру үшін бір мезгіл ыстық тамақ (көже) берілсе керек. Қызыл отауларды ас-ауқат, тағы басқа қажетті заттармен қамтамасыз етуде сол кездегі аудандық атқару комитетінің жауапты қызметкерлері көмек көрсетеді. Қызыл отаулар мен сауат ашу және 10-15 оқушысы бар мектептерге комсомол жастардың көмегі ерекше болған. Аудан бұрынғы төрт ірілендіріліген болыстар негізінде құрылғандықтан ауданның аумағы өте үлкен еді. Оны аралап шығудың өзі өте қиын болатын. Лау аттармен жүргеннің